

«Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды педагогикалық -психологиялық қолдау жұмысын ұйымдастыру» атты жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері, ППҚ қызметі мамандарының біліктілігін арттыру курсының (80 сағаттық) білім беру бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

Бағдарлама «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы; Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы; Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес құрастырылған (Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.09.2023 № 300 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен).

«Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау жұмысын ұйымдастыру» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері, ППҚ қызметі мамандарына арналған.

Курстың мақсаты инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау жұмысын ұйымдастыру бойынша ППҚ мамандарының, мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерін дамыту болып саналады.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау балаларның ерекше білім беру қажеттілігін анықтауды қарастырып, бұл әр оқушының оқуы табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау әдістермен жүзеге асырылатын оқу үдерісіндегі көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі саналады. Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды тек мамандармен (логопед, арнайы педагог, психолог, педагог – ассистент т.б) ғана емес, барлық білім беру процесіне қатысушылар тарапынан және де бірінші кезекте мұғалім тарапынан қолдауды қамтамасыз етіп, ал оқу үрдісінде оқушыға көмек көрсету мәселелерін командалық тәсілмен шешіп оқыту маңызды. Өкінішке орай, мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру мәселесі әлі күнге дейін өз өзектілігін жоймай, тіпті

мамандардың өзара бірігіп ықпалдау жұмысында белгілі қиындықтарды туындатып, әдістемелік ұйымдастырушылық көмекті талап етеді. Аталмыш қарама –қайшылықтар Бағдарлама өзектілігін анықтап, курс мазмұнн құруға ықпал етті.

Курстық оқыту онлайн мен офлайн сабақтарды қамтиды. Бағдарлама нәтижеге бағдарланған білім беруді жүзеге асырады.

2. Глосарий

1) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар).

2) білім алу үшін арнаулы жағдайлар – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар.

3) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау.

4) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

5) мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

6) инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық оқушылардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс.

7) мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау – мүмкіндігі шектеулі балаларға тұрмыс-тіршілігіндегі шектелуді еңсеру және оның орнын толтыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін және оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған арнаулы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметтерін ұсынатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі;

8) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау – қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін

қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені;

9) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау – қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені;

10) **Жеке оқу бағдарламасы** - зияты зақымдалған оқушының жекелік мүмкіндіктері ескеріле отырып құрастырылған оқу бағдарламасы.

11) **Онтогенез** (гр.т.ontos, ontos – болмыс, тіршілік) - тіршіліктің пайда болукезінен аяқталуына дейінгі өзінің өзгеріске ұшырауын қамтитын организмнің дербес дамуы;

12) **Дисграфия** - жазудың қабілетінің жартылай бұзылуы;

13) **Аграфия** (гр.т.grapho – жазу) – сөйлеу қабілетінің түрлі кемшіліктеріне байланысты жазу қабілетінің бұзылуы. Алексия (грек тілінен leis-оқу)- бас миының зақымдалу салдарынан оқу қабілетінің жойылуы. Ол жазу қабілетінің жойылуымен (аграфиямен) және сөйлеу тілінің бұзылуымен тығыз байланысты;

14) **Дислексия** - оқу процесінің жартылай бұзылуы;

15) **Дизорфография** - қажетті ережелерді білуіне қарамастан, орфографиялық дағдылары қалыптасып, меңгере алмаудың салдарынан жазуда байқалатын тұрақты, ерекше қателердің түрлері;

16) **Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы** - оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде құрылған оқу бағдарламасы;

17) **Альтернативті оқыту әдістері мен технологиялары** (баламалы) - белгілі бір психикалық функциялардың (қабылдау, есте сақтау, зейін, праксис) бұзылуынан туындаған нақты оқу қиындықтары бар оқушыларға қатысты қолданылады;

18) **Инклюзивті мәдениет** - адамдардың психологиялық қауіпсіздігі мен психологиялық әл-ауқатын, сондай-ақ жайлылық пен денсаулықты сақтауды қамтамасыз ететін қарым-қатынас пен өзара әрекеттесудегі принциптер мен құндылықтар жүйесі.

3. Бағдарлама тақырыбы

Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру кешенділігін қамтуымен байланысты болып, біліктілікті арттыру Бағдарламасы келесі тақырыптарды қамтыды:

Модульдер	Тақырыптар
1 «ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ, ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»	1.1. Инклюзивті білім беру түсінігі. Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары мен қағидалары.

	<p>1.2 Ерекше білім беру қажеттілігі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы (1, 2, 3 топ)</p> <p>1.3 Инклюзивті білім беру контекстіндегі Л.С. Выготскийдің теориялары (мәдени-тарихи теориялары, «дамудың өзекті және жақын аймағы», «түзету», «орынбасу», «біріншілік және «екіншілік кемістік» ұғымдары т.б)</p> <p>1.4 Ерекше білім беру қажеттілігінің сипаты</p>
<p>2. «ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НОРМАТИВТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ»</p>	<p>2.1 Инклюзивті білім берудің халықаралық және отандық нормативті - құқықтық негіздері</p>
<p>3 «ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ БАҒАЛАУ»</p>	<p>3.1 Жалпы білім беретін мектептегі ППҚ қызметінің мазмұны, қадамдық сипаты</p> <p>3.2 ППҚ қызметі мүшелернің іс - әрекеті.</p> <p>Психологиялық педагогикалық қолдау қызметінің ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен жұмыс сипаты.</p> <p>3.3 ППҚ қызметінің қадамдық траекториясы. Жеке, бейімделген жалпы бағдарлама.</p> <p>3.4 ППҚ қызметінің қадамдық траекториясы.</p>
<p>4 «ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ ҚИЫНДЫҚТАРЫ, ТҮРЛЕРІ, СЕБЕПТЕРІ»</p>	<p>4.1 Оқу қиындықтары, себептері, түрлері</p> <p>4.2 Балаларда анықталған, туындаған қиындықтармен жұмыс. Дисграфия, дислексия, дискалькулия</p>
<p>5. «ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ СҮЙЕМЕЛДЕУДЕГІ ПМПК МЕН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ»</p>	<p>5.1 ПМПК тексерудің негізгі мақсаты. ПМПК жұмысының бағыттары.</p>

6. «ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА ҚҰРУ БАҒЫТТАРЫ»	6.1 Кедергісіз орта құру
	6.2 Жалпы мектеп мұғалімдері мен оның өзге субъектілерінің инклюзивті мәдениеті

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау жұмысын ұйымдастыру, жалпы мектеп мұғалімдерінің, ППҚ қызметі мамандарының білімдерін, кәсіби құзіреттіліктерін дамыту болып табылады.

Бағдарлама міндеттері:

- жалпы мектеп мұғалімдерінің инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы аймағындағы білімдерін тереңдету;
- ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы (1, 2, 3) олардың даму ерекшелігі, оқу қажеттілігінің сипаты туралы білім беру;
- инклюзивті білім беру контекстіндегі халықаралық және Отандық нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыру арқылы білімдерін тереңдету, жаңа заңнамалық құжаттарды талдау;
- ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын жалпы мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі, жұмысының мазмұнымен таныстыру (ППҚ);
- оқу қиындықтарының түрлерімен таныстырып, олардың шығу сипатын анықтау бойынша білімдерін тереңдету;
- ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу қажеттіліктерін анықтау бойынша қадамдық жұмыс сипатын, өзара әрекеттесіп жұмыс жасауын түсіндіру және оны практикалық түрде мазмұның түсіндіру; жеке бағдарлама және бейімделген бағдарлама құру, оқу қиындықтары бар балалармен жұмыс туралы теориялық және практикалық білімдерін кеңейту;
- мектепте инклюзивті ортаны құру (практикалық тапсырмалармен үйлестіру) бойынша теориялық және практикалық білімдерін кеңейту.
- жалпы мектеп мұғалімдерінің инклюзивті мәдениеті, оның құрылымдық компоненттері туралы білімін кеңейту.

Күтілетін оқу нәтижелері

Курсты аяқтағанда тыңдаушылар төмендегідей нәтижелерге қол жеткізеді:

- жалпы мектеп мұғалімдерінің инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы аймағындағы білімдерін біледі;
- ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы, олардың даму ерекшелігі, оқу қажеттілігінің сипаттай алады;

- инклюзивті білім беру контекстіндегі халықаралық және отандық нормативті құжаттарды атай алады;

- ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын жалпы мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі, жұмысының мазмұнын біледі (ППК);

- оқу қиындықтарының түрлерімен таныстырып, олардың шығу сипатын анықтауды біледі;

- ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу қажеттіліктерін анықтау бойынша қадамдық жұмыс сипатын, өзара әрекеттесіп жұмыс жасауын түсіндіру және оны практикалық түрде мазмұнын біледі; жеке бағдарлама және бейімделген бағдарлама құрастыра алады, оқу қиындықтары бар балалармен жұмыс мазмұнын біледі;

- жалпы мектеп мұғалімдерінің инклюзивті мәдениеті, оның құрылымдық компоненттері туралы біледі.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны деген бөлім Бағдарламаның жоспарын, Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері бойынша күтілетін нәтижелердің өзара байланысын сипаттайды. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

- 1) Инклюзивті білім берудің мазмұны;
- 2) Инклюзивті білім берудің нормативті -құқықтық негіздері;
- 3) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды бағалау (диагностикалау);
- 4) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың оқу қиындықтарын анықтау;
- 5) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеудегі ПМПК мен білім беру ұйымдарының байланысы;
- 6) Инклюзивті білім беру ортасы, жалпы мектеп мұғалімдерінің инклюзивті мәдениеті

«Инклюзивті білім берудің мазмұны» атты модульде: Инклюзивті білім беру ұғымы. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсету және бағалау моделі (медициналық, әлеуметтік). ҚР инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың нормативті құқықтық негіздері. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы. Инклюзивті білім беру контекстіндегі Л.С. Выгодскийдің теориялары (мәдени тарихи теориялары, дамудың өзекті және жақын аймағы, түзету, орынбасу, біріншілік және екіншілік кемістік ұғымы т.б).

Ерекше білім беру қажеттілігінің сипаты (оқу жоспары мен оқу бағдарламасын өзгерту; оқыту нәтижелерін бағалау әдістерін өзгерту (оқушылардың оқу үлгерімі); оқытудың арнайы, вариативті және альтернативті әдістерін қолдану; оқулықтарды, оқу әдістемелік құралдарын, жеке оқу материалдарын таңдау; оқыту формасын таңдау; кедергісіз орта құру; компенсаторлық және техникалық құралдарға мұқтаждық; арнайы

психологиялық- педагогикалық көмек (психологтың, логопедтің, арнайы педагогтың (олигофренопедагогтың, сурдопедагогтың, тифлопедагогтың); педагог-ассистенттің көмегі; әлеуметтік – педагогикалық көмек).

Инклюзивті білім берудің нормативті құқықтық негіздері атты модульде ҚР инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың нормативті құқықтық негіздері.

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды бағалау» атты модульде: Жалпы мектептегі ППҚ қызметінің мазмұны, қадамдық сипаты, әр ППҚ қызметі мүшесінің іс - әрекеті. Психологиялық педагогикалық қолдау қызметінің ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен жұмыс сипаты. ППҚ қызметінің қадамдық траекториясы. Жеке, бейімделген бағдарлама.

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың оқу қиындықтары» атты модульде. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың оқу қиындықтары (жұмыс қабілеттілігі төмендігі, өз еркімен реттеу, жоспарлау және басқарудағы қиындықтар, көру арқылы қабылданған ақпаратты қайта өңдеудегі қиындықтар, көру-кеңістіктік ақпаратты қайта өңдеудегі қиындықтар, есту-сөйлеу ақпараттарды қайта өңдеудегі қиындықтар. Балаларда анықталған, туындаған қиындықтармен жұмыс.

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеудегі ПМПК мен білім беру ұйымдарының байланысы» атты модуль. ПМПК тексерудің негізгі мақсаты. ПМПК жұмысының бағыттары.

«Инклюзивті білім беру ортасы, жалпы мектеп мұғалімдерінің инклюзивті мәдениеті» атты модульде: Кедергісіз орта құру. Жалпы мектеп мұғалімдерінің инклюзивті мәдениеті, мазмұны.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Бағдарлама күндізгі және қашықтан (онлайн) оқыту тәртібінде жүзеге асырылады. Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру үдерісі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс-вебинар, таңдау бойынша дәрістер, практикалық жұмыс, өзіндік жұмыс.

Білім беру процесі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтар мен жұптардағы практикалық жұмыс, қорытынды сұрақтар, сонымен қатар аралас оқыту режимінде курсқа арналған вебинар, онлайн дәріс және тыңдаушының өзін-өзі оқытуы қарастырылған. .

Мұғалімдердің бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: топтарда жұмысты кеңінен қолдану, содан кейін талқылау және рефлексия; шағын топтардағы теория мен практиканың негізгі мәселелерін талқылау, қарастырылған.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

- 1) біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы;
- 2) көрсетілімдер, үлестірме материалдар;

- 3) кейстердің үлгілері;
- 5) тест тапсырмалары;
- 6) кері байланыс сауалнамалары.

Қашықтан оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары
(80 сағат)

№	Сабақтың тақырыптары	Деріс - вебинар	Тәжірибелік жұмыс	Бақылау түрі	Барлығы
1	2	3	4	6	7
I.	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ, ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	5	3		8
1.	Инклюзивті білім беру түсінігі.				
1	Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары мен қағидалары.	1			1
1.	1.2 Ерекше білім беру қажеттілігі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы (1, 2, 3 топ)	1			1
1.	1.3 Инклюзивті білім беру контекстіндегі Л.С. Выготскийдің теориялары (мәдени-тарихи теориялары, «дамудың өзекті және жақын аймағы», «түзету», «орынбасу», «біріншілік және «екіншілік кемістік» ұғымдары т.б)	1	1		2
1.	Ерекше білім беру қажеттілігінің сипаты	2	2		4
4					
2	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НОРМАТИВТІ- ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ	4	2		6
2.	ҚР инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың нормативті құқықтық негіздері.	4	2		6
1					
3	ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ БАҒАЛАУ	18	8		26
3.	Жалпы мектептегі ППҚ қызметінің мазмұны, қадамдық сипаты	3			3
1					
3.	ППҚ қызметі мүшесінің іс - әрекеті.	4			4
2					

3. 3	Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен жұмыс сипаты.	3			3
3. 4	Жеке, бейімделген жалпы бағдарлама.	4	4		8
3. 5	ППҚ қызметінің қадамдық траекториясы.	4	4		8
4	ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ ҚИЫНДЫҚТАРЫ, ТҮРЛЕРІ, СЕБЕПТЕРІ	14	9		23
4. 1	Оқу қиындықтары, себептері, түрлері	10	7		17
4. 2	Балаларда анықталған, туындаған қиындықтармен жұмыс. Дисграфия, дислексия, дискалькулия	4	2		6
5	«ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ СҮЙЕМЕЛДЕУДЕГІ ПМПК МЕН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ»	4	3	1	8
5. 1	ПМПК тексерудің негізгі мақсаты. ПМПК жұмысының бағыттары.	4	3	1	8
6	«ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА ҚҰРУ БАҒЫТТАРЫ»	5	3	1	9
6. 1	Кедергісіз орта құру	3	3		6
6. 2	Жалпы мектеп мұғалімдері мен оның өзге субъектілерінің инклюзивті мәдениеті	2			2
6. 3	Курсты қорытындылау, бақылау, бағалау тапсырмаларын орындау			1	1
	БАРЛЫҒЫ:	50	28	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы).

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді және мұғалімдердің білімін

бақылау мен бағалау нысанын оқытушының таңдауы бойынша өзгертуге болады.

1) Бақылау сұрақтары 1-5 модульдердің теориялық материалдарын игеру нәтижелері бойынша жүргізіледі:

№	Модульдердің тақырыптары	Сағат саны	Сұрақтар /балл саны
1.	«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ, ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»	8	3
2	«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НОРМАТИВТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ»	6	3
3	«ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ БАҒАЛАУ»	26	8
4	«ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ ҚИЫНДЫҚТАРЫ, ТҮРЛЕРІ, СЕБЕПТЕРІ»	23	8
5	«ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ СҮЙЕМЕЛДЕУДЕГІ ПМПК МЕН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ»	8	4
6	«ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА ҚҰРУ БАҒЫТТАРЫ»	9	4
	БАРЛЫҒЫ:		30

9. Курстан кейінгі қолдау

1. Тыңдаушылармен байланыс орнату құралдары:

- Онлайн конференция Zoom-менкездесу өткізу, Facebook, Instagram әлеуметтік желіде вебинарлар өткізіп, ақпараттармен бөлісу, Whatsapp желісінде кері байланыс орнату.

2. Ресурстық қамтамасыз ету:

- оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми монографиялардың сілтемесі Педагогтің қатысуымен өткізетін тәжірибелік семинар, онлайн семинар, вебинар, шеберлік сағаттары, пікірталас алаңдарын өткізу іс-шараларын жоспарлау.

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс.нұсқаулық/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 92 б.

2 Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года (Указ Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года, № 636)

3 Открытое досье по инклюзивному образованию. ЮНЕСКО, 2003

4 «Равенство и инклюзивный подход в образовании. Руководство по подготовке, пересмотру и оценке планирования в секторе образования» (совместный продукт Инициативы Организации Объединенных Наций в области образования и др. международных организаций - 2010г.

5 Саламанская декларация «О принципах политики и практической деятельности в сфере образования лиц с особыми потребностями» 1995 г.

6 Закон РК «Об образовании».

7 Типовые правила приема на обучение в организации образования, реализующие общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования. Приказ МОН РК от 12 октября 2018 г № 564.

8 Типовые правила деятельности организаций среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего)/ Приказ МОН РК от 30 октября 2018 г., № 595.

9 Типовые учебные планы начального образования для учащихся с ограниченными возможностями. Приказ МОН РК от 24 ноября 2017 года, № 592.

10 Типовые учебные планы (обновленного содержания) основного среднего образования для учащихся с ограниченными возможностями. Приказ МОН РК № от 18 августа 2017 г, №422.

11 Типовые правила деятельности видов специальных организаций образования. Приказ МОН РК от 14 февраля 2017 года, № 66.

12 Типовые учебные программы для обучающихся с ограниченными возможностями 0-4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию. Приказ МОН РК от 27 июля 2017 года № 352

13 Типовые учебные программы для обучающихся с ограниченными возможностями 5-10 классов уровня основного среднего образования по обновленному содержанию. Приказ МОН РК от 20 сентября 2018 года, № 469.

14 Елисеева И.Г., Чумакова О.Ф. Профессиональное сопровождение педагогов общеобразовательных школ, реализующих инклюзивную практику. Методические рекомендации. Алматы, 2015 г

15 Айдарбекова А.А. Создание социально гуманной среды в организациях общего образования. Алматы, 2015.

16. Технология нейропсихологической коррекции трудностей школьного обучения: Методические рекомендации / сост. А.К.Ерсарина, Г.К.Кудайбергенова, К.Б.Досыбаева, Т.Н. Алмазова. – Алматы 2015

17. Сиротюк А.Л. Нейропсихологическое и психофизиологическое сопровождение обучения. – М.: ТЦ Сфера, 2003.

18. Инклюзивтік білім беруде әдіснамалық және оқу-әдістемелік сүйемелдеу бойынша тәсілдеме ұстанымдарын табысты ендірудің әлемдік тәжірибесін талдау. Әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015

19. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 қаңтарда № 26618 болып тіркелді. Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.09.2023 № 300 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26513 болып тіркелді Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.09.2023 № 300 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.